
ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Іскерлік белсенділік индексі

2022 Желтоқсан

Іскерлік белсенділік индексінің динамикасы аздап жақсарды, алайда индекс әлі де теріс аймақта қалып отыр. Іскерлік белсенділікті тежеп отырған негізгі фактор логистикалық мәселелер мен жеткізу мерзімінің ұзақтығы болып табылады.

График 1. Іскерлік белсенділік индексінің (ІБИ) динамикасы*




** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

Іскерлік белсенділік индексі қарашадағы 48,9-дан желтоқсанда 49,2-ге дейін көтерілді. Өндірісте іскерлік белсенділік жаңа тапсырыстар мен жаңа өнім көлемінің ұлғауы есебінен жақсарып 50,4 құрады (қарашада – 49,0). Қалған секторларда индекс 50 шамасынан төмен мәнге ие болды, дегенмен құрылыста көрсеткіштің 46,9 – ға дейін жақсарғаны байқалды (қарашада-45,1). Қызмет көрсету секторында көрсеткіш өзгеріссіз қалып, 49,4 құрады (қарашада – 49,3). Тау-кен өнеркәсібінде жаңа өнім көлемінің, жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуі және жеткізу мерзімінің ұлғауы есебінен іскерлік белсенділік 47,3-ке дейін төмендеді (қарашада - 48,7).

График 2. Желтоқсандағы өңірлер бойынша ІБИ

6 өңірде іскерлік белсенділік жақсарды, ал 11 өңірде нашарлады.


Индекстің ең жоғары мәні Алматы облысында тіркелді (59,8), ең кіші мәні Шығыс Қазақстан облысында орын алды (44,6).



Бизнес-ахуал индексі

Бизнес-ахуал индексі тау-кен өнеркәсібіндегі бағалаудың нашарлауына байланысты төмендеді, бұнда көрсеткіш теріс мәнге ие болды. Өндіріс пен құрылыста көрсеткіштің азын-аулақ жақсаруы байқалды.

График 3. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы*



** Ағымдағы және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады, ол бизнес-ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекстің мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.*

Кәсіпорындардың 2022-жылдың желтоқсанында бизнесті жүргізудің болашақ жағдайлары туралы күтулері нашарлағанымен, баға жалпы оң болып қалды. Ағымдағы бизнес шарттарын кәсіпорындар әлі де теріс бағалауда

Кәсіпорындар сұраныс пен инфрақұрылымды әлі де әлсіз, бірақ оң бағалады. Бизнес ахуалдың қалған факторлары бойынша (салық жүктемесі, қаржыға/несиеге қолжетімділік, бизнесті қорғау мәселелері) теріс бағалар басым.


2022 жылғы желтоқсанда бизнес-цикл «сағатының» индикаторы көтерілу аймағында қалды

Кәсіпрындардың ағымдағы бизнес-ахуалды бағалауы теріс мәнін сақтап (-)4,1 құрады.

Алдағы 6 айдағы болашақ бизнес жағдайларының бағалауы да төмендеп 9,6 құрады.

**Бизнес-цикл «сағаты» экономиканың берілген уақытта циклдың қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін ағымдағы ахуалды (X осі бойынша) және болашақ ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.*

График 4. Бизнес-цикл «сағаты»



ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

[1] Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың арасында жүргізілген ай сайынғы сауалнамаларының нәтижелері бойынша дайындалды.

[2] Іскерлік белсенділік индексі жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, жаңа өнім көлемі, тауарлық-материалдық қорлардың көлемі, жеткізу мерзімдері сияқты кәсіпорындардың көрсеткіштерінің жиынтық өзгерісі ретінде есептеледі.

[3] Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады, ол әрбір көрсеткіш бойынша оң жауап берген кәсіпорындар үлесінің және өзгеріссіз жауаптардың жартысының үлесінің қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледі) ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

[4] Бизнес-ахуал индексін (БАИ) есептеуде Ifo неміс зерттеу институтының әдістемесіне сәйкес ағымдағы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткіштері (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтілетін өзгерістері (БЖ) бойынша жауаптар теңгерімі (ЖТ) пайдаланылады:

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерімі
АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай
БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

[5] ЖТ (жауаптар теңгерімі) бизнес-шарттардың өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптардың үлестері арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кәсіпорындар ұсынылған үш жауаптың біреуін таңдайды: "жақсарды", "өзгерген жоқ" және "нашарлады". Жауаптардың үлестері салмақтана отырып есептеледі.

[6] Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл "сағаты" - бұл екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген диаграмма (координаттар жүйесі), олар іскерлік жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңін білдіреді: көтерілу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс болса, ал күтулер оң болса, экономикасы көтерілу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса, онда экономика өсу фазасында т. с. с.

[7] Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерінен тазартылған (болашақ жағдайларды бағалау мен факторларды бағалаудан басқасы).

[8] Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және ЖҚҚ нақтылауға байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

[9] Секторлар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат (іріктеме туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелері) дашбордта берілген.